

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№ 74 ЖОББМ»КММ




Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 21.11 – 25.11. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 21.11	Сейсенбі 22.11	Сәрсенбі 23.11	Бейсенбі 24.11	Жұма 25.11
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Сәйкестендіру ойыны: «Кімге не керек?» Мақсаты: Түрлі мамандық иелерінің еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: әр түрлі мамандық иелерінің суреттерін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген карточкалар болады. Тәрбиеші осы бейнеленген карточкаларды сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. Мысалы: тігіншіге – ине, мұғалімге –	Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті (өнер орталығында сурет салу); Үстел үсті ойындары: «Түймелі өрнек» Мақсаты: Балаларды түймелерден өрнек құрастырып, қиял ойлау қабілетін дамыту. Түстерді анықтай алу, іріктеу арқылы әдемілікке, ұқыптылыққа, көркемдікті сезуге үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: карточкадағы берілген схема үстіне өздеріне ұнаған түсті түймелерді қойып өрнектер құрастырады. Алдымен бір түсті түймелерден, кейін	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын. Ойын жаттығу: «Адам қимылын құрастыр және оны қайтала» Мақсаты: Балаларды кеңістікте бағдарлауды (жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ) үйрету. Сәйкес түсті тез табуға дағдыландыру. Дене жаттығуын жасауға баулу. Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: карточкадағы берілген схема бойынша адам бейнесіне сәйкес санамақ таяқшалармен суретті құрастырады және ол қимылды қайталап	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мазайка үстел үсті ойындары: «Жақсы мен жаман» Мақсаты: Әдептілік туралы түсініктерін кеңейту. Жағымды қарым –қатынас дағдыларын дамыту. Әдептілікке, сыйпайылыққа тәрбиелеу. Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: Тәрбиеші осы суреттер арқылы , әдепті және әдепсіз екенін айырмашылығын тауып алып , сурет арқылы белгілейді. Балалар жақсы мен жаман әдептерді ажыратып ,жақсылыққа аударып, өзінің	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны : «Қандай көлік шықты?» Мақсаты: Санағыш таяқшаларынан таныс көліктерді құрастыра білуге үйрету. Қосымша жабдықтар: Санағыш таяқшаларынан құрастырылған көліктердің суреттері. Әдістемелік нұсқаулар: Балаларға санағыш таяқшалары үлестіріліп беріледі. Олардан әр түрлі көліктерді құрастыру ұсынылады. Ықтимал күрделендірулер: Тақпақ айтқызып, жұмбақ шешкізу.

	кітап, т.б. Ықтимал күрделендіру: Балалардан болашақта қандай мамандық иесі болғылары келетінін сұрау. Ойынның нұсқаулары:Мамандық иелерін анықтағаннан соң, әрбір мамандық иелеріне қажетті еңбек құралдарын, ол еңбек құралдары не үшін қажетт екендігін, олардың маңыздылығын айту, көрсетіп түсіндіру. 	екі немесе оданда көп түрлі түсті түймелермен өрнекті құрастыруға болады. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады. Ықтимал күрделендіру: тез жаса, өз ойынша басқа өрнектер құрастыр. Ойынның нұсқаулары: түймені не үшін пайдаланатынын, оны қадауға қандай заттар қажеттігін сұрау. 	көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады. Ықтимал күрделендіру: тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр. Ойынның нұсқаулары: дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. 	ақылдығың таныта білу керек. Үстелдің үстінде ойын орталығында жақсы мен жаманды құрастыру. Осы картачкаларды тауып алып, әр сурет арқылы «Ақыл сөз» мозайка құмыраға суреттерін жинаймыз. «Сиқырлы сандық» жаман қасиеттерді салып,сандықтың ауызын жабамыз.Бойымызда жаман қасиеттері аулақ болсын деп тілейміз. Ықтимал күрделендіру: Балалардың болашағында жаман қасиеттері болғызбауға, жақсы қасиетерге жасап үйретеміз. Ойынның нұсқаулары: Әдепті болуға үйрету. 	Ойынның нұсқаулары: Көліктерді ажыратып, олардың пайдасы жайлы айтқызу. 
Таңертенгі жаттығу	№11 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №11 Тізбек қатарға тұру.Қолды белде ұстап аяқ ұшымен жүру. Қолды жанына, жоғары, алға, артқа созу, қалпына келтіру. Қолдарын желкеге	№12 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №12 Тізбекте бір қатармен тұру, жүру, шашырау Жүру, звеноларға бөліну. Аяқ алшақ, екі қолды жанынан көтеріп, керілу. «Маятник» жаттығуы:	№13 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №13 1.Жүру,жұптасып жүргізу,бір қатарға тұрып жүру,аяқтың ұшымен жүріп келе жатып қолды жоғары күнге қарай созу. 2. «Қол жаттығуы».	№14 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №14 1. "Түсіріп алма» Қазақша молдас құрып отыру,Доп қолда.Допты жоғары көтеру, Қолды бүгіп,бастан асыру.Допты жоғары	№15 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №15 1.Тік,түзу тұру.Жалаушалар иықта оң қолды жазумен басты сол жаққа бағыттау.Б.қ.кейін келесі жаққада осылай істеу. 2.Жалаушаларын кеуде

	айқастыра ұстап, кеудені еңкейту, көтерілу. Қолды алға созып отыру, тұрғанда төмен түсіру. Өкшелерді қосып тұру, отырып тұру. «Ағаш шабушы» жаттығуы: аяқтары алшақ, екі қолды түйістіріп балтамен ағаш шапқандай әрекеттер жасау. Шеңбер бойы жай ғана тыныстап жүру.	Кеудені солға, оңға тербелту. «Ағаш шабушы» жаттығуын қайталау. Жұптасып қол ұстасып бірінің артынан бірі жүру. Бір орында немесе жан жаққа шашырап секіру, қайта ортаға жиналу. «Көбелек» атты тыныс алу жаттығуы.	Екі аяқты иық денгейіне қою. Оң қолды көтеріп түсіру. Сол қолды көтеріп түсіру. 3. «Тербелу» жаттығуы. Еденге отыру. Аяқтар иық кеңдігінде. Екі қолды артқа қойып тербелеміз. Оң аяқты көтеріп, аяқтың ұшымен түзейміз. Сол аяқты көтеріп, аяқтың ұшын түзейміз. 4. «Алға еңкею». Саусақтарды айқастыра ұстап, жерде отыру. Алға иіліп, аяқтың ұшына жету. 5. «Секіру» жаттығуы. Оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру. 7. Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдерді үрлейміз» 8. Саусақ жаттығуы: Кел, кел қыздар келіңіздер, Жүннен киіз басайық. Алты қырдан асайық, Ақ текемет басайық.	көтеру 2. "Допты бастан асырып ұстау» Тізерлеп отыру, доп төменде, допты көтермелеп қолды алдыға созу. Қалыпқа келу. 3. «Құлау» Аяқ иық кеңдігінде, қол доппен төменде. 1. допты алға созып, оң аяқпен құлау. 2.. Б-Қ -қа келу. 4 .«Еңкею» Кілемге отыру, аяқ алшақ, доп ұстаған қолды бүгіп, кеуде тұсында ұстау. Алға оң(сол) аяққа шалу, қолды түзу ұстау. Қалыпқа келу. 5.«Допты айнала жүгіру» Түзу тұру, аяқ алшақ, доп еденде. Белгі бойынша допты айналып, жүгіріп, тізерлеп отырып, алақанмен допты бір ұру. Әр жаққа қайталау. 6. Тыныс алу жаттығуы: «Гүл» 7. Саусақ жаттығуы: «Көбелек» Көбелек-ау, көбелек, Әдемісің керемет. Алақанға қона ғой, Өзіңдегүл бола ғой	тұсында жинақы ұстап, денені оңға 1-4 кейін солға 1-4 айналдыру. 3. Жалаушаларын алдарында ұстап, жоғары көтеруден артқа шалқайып кейін алға иіліп тізе бүгіп отырудан б.қ.к. 4. Арқаға жатып, Қол мен аяқты біркелкі көтеруден, жалаушаларын башпайға тигізу. 5. Аяқты алшақ ашып отырып, оң кейін сол аяқ башпай жаққа иіліп жалаушаларын тигізу. Тізені көтермеуге тырысу. 6. Жалаушаларын төмен , денені тік ұстап, қос аяқтан алшақ аяққа ауысып секіру сәтінде жалаушаны көтеру жоғары. Түсірген сәт б.қ.к. Кезектестіріп жәй жүру.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00-11.30 ҮІӨ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	21.11.22 Дүйсенбі	22.11.22 Сейсенбі	23.11.22 Сәрсенбі	24.11.22 Бейсенбі	25.11.22 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен

		Дене шынықтыру	Мүсіндеу Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	танысу Дене шынықтыру
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:00-10:30		Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Алдында – артында. Оң жақта – сол жақта. ҰІӨ мақсаты: кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптсатыру. Дағды: Зейін, жад, сөйлеу дағдысын, логикалық ойын тапсырмаларын орындау білігін дамыту Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды; түсінеді: қағаз бетінде бағдарлауды; қолданады: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сол жақ - оң жақ» Өзіне қатысты бағдарлай алу. Балалар өлең сөзі бойынша	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік,танымдық әрекет Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз. ҰІӨ мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. Дағды: Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөлу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Алдында – артында. Оң жақта – сол жақта. ҰІӨ мақсаты: кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптсатыру. Дағды: Зейін, жад, сөйлеу ойын тапсырмаларын орындау білігін дамыту Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды; түсінеді: қағаз бетінде бағдарлауды; қолданады: «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сол жақ - оң жақ» Өзіне қатысты бағдарлай алу.	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Қағаз бетінде бағдарлау ҰІӨ мақсаты: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Дағды: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Қайда барасың, нені табасың?» атты	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. Дағды: Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін. Қолданады: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	

	дене мүшелерін көрсетеді. <i>Бұл - сол қол. Бұл - оң қол. Бұл - сол аяқ. Бұл - оң аяқ. Мынау - біздің сол құлақ. Мынау - біздің оң құлақ. Ал, міне - сол жақ көз. Ал, міне - оң жақ көз. -Ку-ку.</i>	кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. Түсіну: «Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: <i>күй-ші, би-ші, пысық, кі-ші, ә-кім, а-қын, маман</i>	Балалар өлең сөзі бойынша дене мүшелерін көрсетеді. <i>Бұл - сол қол. Бұл - оң қол. Бұл - сол аяқ. Бұл - оң аяқ. Мынау - біздің сол құлақ. Мынау - біздің оң құлақ. Ал, міне - сол жақ көз. Ал, міне - оң жақ көз. -Ку-ку.</i>	дидактикалық ойынды Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Түсіну: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны.	Түсіну: «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (<i>аю</i>) Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (<i>сауысқан</i>) Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (<i>мысық</i>) Колғап, көйлек, шалбар, етік. (<i>көйлек</i>) Май, шай, нан, қант, қасық. (<i>қасық</i>)
--	---	---	---	---	---

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

«Тыныс алу, жүгіруге» арналған ойын: «Аюдың апанында»

Басты мақсат: баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.

Тілді жаттықтыратын жаттығулар...

1. «Айнаға қарап жаттығу жасау»



2. Бағынбайтын тілді жазала.

Мақсаты: Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету;

Бейнелеуі: Ауызды кішкене ашып, тілді астыңғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау.

Әдістемелік нұсқау:



Ойын: «Аюдың апанында»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Ойынның шарты: Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады. Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды. Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіндер», - дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап, орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады:

-Біз аюдың қасында
Жеміс- жидек тереміз,
Аю ұйықтамайды,
Аю ырылдайды.

«Ырылдайды», - деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар аюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа

	Білу: Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою. Түсіну: «Нүкте» Нүкте деген білгенге, Жай ғана бір нөкат па?!Жоқ онсыз сөйлем де, Жоқ өлең де, жоқ хат та!.. Жазып жатқан кездерде Асықпай ол күтеді, Асқан дана сөздер де, Сол нүктемен бітеді. (Қ.Мырза Әли)	құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді. Түсінеді: өсімдіктердің күтімге тәуелді екенін түсінеді. Қолданады: өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «Кімге/неге айналамыз?» ойынына қатысады. Тұқым неге айналады? Жұлдызқұрт неге айналады? Жұмыртқа кімге айналады? Балапан кімге айналады? Ұн не болады? Бала кім болады? Өзекті мәселе: Балаларды экологиялық ертегі тыңдауға шақырады. «Рәбиға әжей мен Қазтамақ» ертегісін мұқият тыңдайды.	мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; Қолданады: ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Есіңе сақта: «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».	түрлерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою. Түсіну: «Нүкте» Нүкте деген білгенге, Жай ғана бір нөкат па?! Жоқ онсыз сөйлем де, Жоқ өлең де, жоқ хат та!.. Жазып жатқан кездерде Асықпай ол күтеді, Асқан дана сөздер де, Сол нүктемен бітеді. (Қ.Мырза Әли)	Қолданады: ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Есіңе сақта: «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».
2 үзіліс – 10:00 – 10:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.					

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Кинезиологиялық гимнастика

Негізгі гимнастика түрі:Тазару үшін, балақан, Дұрыс, терең тыныс ал! Орындалу шарты: Мұрынның оң жақ тесігінен демін ішіне тартып, солжақ тесігінен сыртқа шығарады. Демін ішіне тартқанда «алтын-күміс энергияның» мұрынның оң жақ тесігінен кіріп, кеңірдектің оң жағынан, жүрек, асқазан арқылы құйымшаққа дейін жеткенін, дем шығарғанда «сары ауру энергияның» сол жағынан шығып жатқанын елестетеді (бауыр, бүйрек, жүректің бір жағы, кеңірдек пен мұрынның сол жағымен). 3 рет екі жағымен кезек-кезек қайталау.	Негізгі гимнастика түрі: <i>«Есіне»</i>. Есінеген пайдалы, Тісінді ашсаң болғаны. Орындалу шарты: Көздерін жұмады. Екі жақ үстіңгі, астыңғы азу тістерінің түйісу тұсын сұқ саусақ және ортаңғыбармақпен басып, уқалау. Қатты дыбыстап, есінеу.	Негізгі гимнастика түрі: <i>«Қолдар»</i>. Күшті болсын қолдарым,Қысып-қысып аламын! Орындалу шарты: Қолдарын шынтақтан бүгіп ұстап, қол басы, жұдырығын біртіндеп жылдамдата қысып, қайта босатып, бірнеше рет қайталайды. Қолдары шаршағанша жаттығады. Болған соң қолдарын босатып, сілкіп жібереді.	Негізгі гимнастика түрі: <i>«Білезік»</i>. Уқаладым білезікті, Болсын деп буыным мықты. Орындалу шарты: Оң қолмен сол қолдың білезігінен ұстап, аздапуқалау. Сосын керісінше қайталау.	Негізгі гимнастика түрі: <i>«Алақан»</i>. Алақаннан қатты бас, Күштің тасып сарқылмас! Орындалу шарты: Бір қолдың жұдырығымен екінші қолдың алақанын «бұрғылау». Қолдарын ауыстырып алып, екіншіқолмен керісінше орындау.	Негізгі гимнастика түрі: <i>«Ұшу»</i>. Құсқа ұқсап ұшамыз, Жерді көктен құшамыз! Орындалу шарты: Бір орында тұрып, қолдарымен құсша ұшады. Көздерін жұмып, қанатын қағып, қаншалықты биіктікке ұшып бара жатқанын елестету.	Негізгі гимнастика түрі: <i>«Тыныштал»</i>. Көзді жұмып тұрамыз, Біртіндеп барып тынамыз. Орындалу шарты: Басбармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. Демінасықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу. Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпайішке тарту. Екі қолмен қатар орындау.
--	---	--	--	---	---	---

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.30 – 10.55

	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Мемлекттік рәміздер.Мемлекеттік Елтаңба ҮІӨ мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін	3.Жапсыру– шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті Тақырыбы : Бұлттар. ҮІӨ мақсаты: балаларға қолмен жырту әдісі арқылы бұлттың бейнесін құрап жасауға үйрету.	3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҮІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дыбысты талдау жасату	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Еліміздің астанасы –Нұр-Сұлтан ҮІӨ мақсаты: Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.	3.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Тұқымнан не өсіп шығады? Өсімдіктерге өсу үшін не қажет? ҮІӨ мақсаты: Балалардың
--	--	---	--	---	--

	жетілдіру. Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Дағды: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттайды, тақпақты жаттайды. Түсінеді: тақпақтың мағынасын, сұрақтарды түсінеді. Қолданады: Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Түсіну: «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. -Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. -Елтаңбада тұлпар бейнеленген. -Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. Қолдану: Тақпақ жатта. Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті. Ө. Ақыпбекұлы	Дағды: баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын дамыту; Күтілетін нәтиже: Жасайды: қағазды ұсақтап жыртып ; Түсінеді: жаңбырдың жаууына бұлттардың әсер ететінін; Қолданады: бұлттарды жасау үшін жырту тәсілін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: « Біз тамшылармыз» қимылды ойыны. Педагог бұлт кейпіндегі тәжді киеді. Балаларға да тамшы бейнеленген қағаздан тәж кигізеді. Өзі бұлт-ана, ал балалар – оның тамшылары болады. Бұлт-ана тамшыларды жер бетіне қыдыруға жібереді, өсімдіктерді суғару, жер бетін жуу туралы кеңес береді.	арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. Дағды: Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін. Қолданады: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. <i>(аю)</i> Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. <i>(сауысқан)</i> Мысық, түлкі, аю, қасқыр. <i>(мысық)</i> Колғап, көйлек, шалбар, етік. <i>(көйлек)</i> Май, шай, нан, қант, қасық. <i>(қасық)</i>	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Дағды: сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерді қайталайды, тақпақты жаттайды, сөздерді жекеше және көпше түрде айтады. Түсінеді: Нұр-Сұлтан – астана екенін. Қолданады: астананы атай алады, көрікті орындарын біледі, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек. І-і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. Білу: «Жалғастыр» ойыны. Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа... (қала) Кө... (көше) Та... (таза) Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.) Нұр-Сұлтан – ... (Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)	өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. Дағды: Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді. Түсінеді: өсімдіктердің күтімге тәуелді екенін түсінеді. Қолданады: өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «Кімге/неге айналамыз?» ойынына қатысады. Тұқым неге айналады?
--	---	--	---	--	--

					Жұлдызкүрт неге айналады? Жұмыртқа кімге айналады? Балапан кімге айналады? Үн не болады? Бала кім болады? Өзекті мәселе: Балаларды экологиялық ертегі тыңдауға шақырады. «Рәбиға әжей мен Қазтамақ» ертегісін мұқият тыңдайды.
--	--	--	--	--	--

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары

Саусақ жаттығулары

Әдістемелік түсінік: Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.

1. Барабанда ойнаймыз. Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.

2. «Біздер – ұстамыз». Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.

3. «Дүрбілер». Балалар бас бармағы мен сұқ саусағын біріктіріп шеңбер жасайды да, тәрбиешінің «дүрбімен қарайық» деген белгісі бойынша саусақ шеңберімен жан-жағына қарайды.



Ойын: «Көжектер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті


уақыты: 11.05 – 11.30

4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Тақырыбы: Командалық қимыл қозғалыстарды	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Егеменді елім ҮІӨ мақсаты:	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Мерген болғым келеді	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Қысқы орманда.	4.Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Әкем, анам және мен! Отбасымызбен бірге
--	--	--	---	--

	орындау біліктілігін қалыптастыру(таза ауада) ҰІӨ мақсаты: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерінкомандасымен үйлестіруге үйрету. Дағды: Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жолақпен жүру, заттардың арасымен тізбектеліп жүруді. Түсінеді: кедергілер алабынан қалай өту керектігін, өз әрекеттерін командасыменүйлестіруді, шектеулі жазық бетімен жүргенде тепе-теңдік сақтауды. Қолданады: екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүргіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын, қол ұстасып шеңбермен жүруді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Бастаушыға доп бер!» ойыны Ойыншылар мен жүргізушілерге арнап бау қояды. Бірінші ойыншыларға қарама-қарсы 2 м қашықтықта жүргізушілер доп ұстап	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Дағды: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды. Түсінеді: әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Қолданады: үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру. Білу: Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе	ҰІӨ мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Дағды: Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеденаяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; 30 см биік орындықтан секіруді; екі минут баяу қарқынмен жүгіруді; еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынғанқапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Түсінеді: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін. Қолданады: күнделікті өмірде: ойын барысында тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын), мейірімді, тез тіл табысқыш қасиеттерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Көзге арналған гимнастика: «Әдемі көбелек» «Әдемі көбелек бізге ұшып келді». «Әдемі көбелек, көзімізді тынықтырайық». Білу: «Көңіл күй» Ым-ишарамен түрлі көңіл күйлерді көрсету. Шеңберге тұрады. Күзгі бұлт сияқты Күн, самал жел сияқты	ҰІӨ мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Дағды: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды. Түсінеді: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Қолданады: пластикалық, мәнерлі қимылдарды би кезінде орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру. Білу: Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық	жаттығамыз. ҰІӨ мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Еденде иректеліпжатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру. Дағды: Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алыпжүруді. Түсінеді: тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілдідене сапаларын дамыту керектігін. Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпенқарайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Тыныс алу гимнастикасы: «Отбасы» «Қол ұстасып тұрып, бәрімізді бір отбасы деп сезінейік. Бәріміз бірге дем аламыз, дем
--	---	--	---	--	---

тұрады. Ойыншылар тізбекте тұрып, қолдарын алдындағы ойыншының иығына қояды. Белгі бойынша жүргізушінің артынан кедергілерден жүгіріп өте бастайды. Өтіп болған соң келесі бала жүргізуші болады да, алдыңғы бала артқа барып тұрады	қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды.	күлімсірейді. Құйын, қарлы боран сияқты ашуға басады. Найзағайды көріп, қорыққан адамның кейпін салады. Боран ішінде шаршап келе жатқан адамды салады. Бұтақта отырған немесе толқынмен тербеліп тұрған кемені салады.	ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету.	шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адымалға, түк – бір адым артқа (3 рет) ».
--	---	--	--	---

4 үзіліс – 11:30 – 12:30
Балалардың дербес іс-әрекеті
Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
«Оң жақта»



Ойын: «Оң жақта»

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.

Ойын барысы: балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.

1 нұсқа: педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.

2 нұсқа: педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.

3 нұсқа: педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.

Қажетті заттар: әртүрлі ойыншықтар.

1.«Дөңгелекті лақтыр»

Мақсаты:

Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.

Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.



Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 11.30 – 12:10	Қараша Серуен-Бақылау №11 Ұшып кететін құстарды бақылау <i>Мақсаты:</i> ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; — Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбеден құстар өткенде Балалармен әңгімелесу, сұрақтар: *Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады) *Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді) *Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер	Қараша Серуен-Бақылау №12 Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну. Бақылау барысы. Көркем сөз «Алғашқы қар» Қ. Ыбыраев Бейне ақ бұлт қоныпты, Аулаға қар толыпты. Атам аңға шығатын, Нағыз сонар болыпты. Інім тұрып ертерек: «Бір – ақ түнде қарашы, Қар өсіпті жерге» - деп (тәрбиеші өлең мазмұны бойынша әңгіме жүргізеді) Тәрбиеші сұрақтары: *Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады? (екі – үш күн) *Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал) *Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (түнде) Зерттеу жұмысы: Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау. Екі қарды салыстыру. Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау. Әлі қар ерімеген жерді табу. Еңбек: Ағаш түптерін қармен жабу. Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекіту. Қимылды ойын: «Бір, екі, үш - тез жүгір!» Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру	Қараша Серуен-Бақылау №13 Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы) Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды). Бақылау барысы Көркем сөз А. Сәрсеков <i>Күзгі ауланың талдары</i> <i>Кейде құйын өтеді</i> <i>Желмен басын шайқайды</i> <i>Тозаңдатып жан-жақты</i> <i>Дәурен өтіп жаздағы</i> <i>Кейде құйын кетеді</i> <i>Күздің желі соғады</i> <i>Доп қылып ап жапырақты</i> <i>Бейне тентек баладай</i> <i>Ойран-асыр салады</i> <i>Алма бағын жағалай</i> <i>Алмаларын қағады</i> Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол	Қараша Серуен-Бақылау №14 Бақшаны бақылау Мақсаты: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз . Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.) ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе») ♦ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады) ♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады) ♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)	Қараша Серуен-Бақылау №15 Бақшаны бақылау Мақсаты: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз . Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.) ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе») ♦ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады) ♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады) ♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)

«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
---	--	--	---	---	---

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: